

Хромтау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 82 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес пайызға жоғары айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақтөбе облысы Хромтау аудандық мәслихатының 2016 жылғы 25 сәуірдегі № 18 шешімі

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7 бабының 5 тармағына және Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі № 480-V "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Хромтау аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Хромтау аудандық мәслихатының 2012 жылғы 21 желтоқсандағы № 82 "Ауылдық елді мекендерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет, спорт және ветеринария мамандарына жиырма бес пайызға жоғары айлықақылар мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3488 болып тіркелген , 2013 жылдың 24 қаңтарында аудандық "Хромтау" газетінде жарияланған) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім қабылдаған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Аудандық мәслихаттың
сессия төрағасы
Н.Қарағұлов*

*Аудандық мәслихаттың
хатшысы
Д.Молдашев*